

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12.01.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ж.Е.Нұрматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал –ХҚТУ доценті С.Қ.Оразбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халыков, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мауқенбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленқұл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

Күн тәртібі:

1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну.
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

1.Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу

АК төрағасы Д.Шауенов: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қаңтар айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу мәселесі жөнінде тоқталайық.

АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: Тарих БББ бойынша ішкі және сыртқы сараптаудан қайта өткізу жұмыстары жүріп жатыр. Себебі жаңартылған ББ ішкі сараптаудан өткеннен кейін сыртқы сараптауға бергенбіз. Жұмыс беруші өкілдер мен сыртқы сарапшының ББ мазмұнын қайта жобалауға байланысты ұсыныстары ескеріліп, реттелгеннен кейін сыртқы сараптаумен кері байланыс жасаудамыз.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Нұрматов: Теология ББ біздің кафедра жұмыс тобы Мармара университеті Теология БББ-на сәйкестендіре отырып қайта жобалағанбыз. Теология БББ бойынша да 56 кередиттік міндетті пәндер де бізде қиындық тудырғанын айтып ескерткенбіз. Себебі 1-3 семестрде оқытылатын міндетті 56 кредит болғандықтан Мармара университеті БББ-мен аталған семестрлерде оқытылатын пәндер мүлдем сәйкес келмейді. Осы мәселені шешу жолдарын қарастырудамыз.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Ахмет Ясауи университеті, Филология факультеті, Түрік филологиясы кафедрасы әлемдегі ең маңызды университеттердің бірі Түркия Республикасындағы Гази. Мармара, Ыстамбұл және Хаджеттепе университеттерінің БББ сараптап, Ахмет Ясауи университетінің ерекше статусын ескере отырып, бағдарлама жаңартылды. Осы білім беру бағдарламасының мазмұнын құру барысында біздің түлектер тек Қазақстан немесе Түркияда ғана емес, бүкіл түркі әлемінде орын алатын деңгейге жетуі ескерілді. Осы орайда түркология

білімінің негізін құрайтын түркі диалектілерін теориялық тұрғыдан оқытумен қатар, тәжірибелік білім мен оқыту үлгісі де қабылданды. Салыстырмалы тіл мен әдебиет сабақтарында біздің студенттерге білім беруде ғана емес, сонымен қатар аудармада да көптеген салаларда өздерін жетілдіре алатын жобалар ұсынылады.

АК төрағасы Д.Шауенов: Дінтану ББ бойынша да дәл Теология ББ-на ұқсас қиындықтар туындап жатқандықтан 56 кредит мәселесі нақтыланғанға дейін Анкара және Сакаръя университеттеріндегі ББ кредиттеріне сай үлгі дайындалуда. 56 кредит мәселесі нақтыланса бұл мәселе шешілер деген ойдамыз.

Шешім: Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілсін.

2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну

АК төрағасы Д.Шауенов: Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну мәселесіне тоқталар болсақ, Дінтану бакалавр және магистратура ББ паспорттары дайындалып, жұмыс беруші өкілдері мен АК персоналдың пікірлері де алынғандығын айта кетуім керек.

АК мүшесі, Академиялық персонал Кенан Семиз: 7M02212-Түркітану ББ паспорты дайындалды, ББ бойынша жаңарту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Себебі кейбір пәндердің кредиттері қысқартылып немесе көбейтіліп дегендей біршама өзгерістер орын алып жатыр. Осыларды реттеп ББ тізілімдемесіне ұсынатын боламыз.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Нұрматов: Теология ББ бойынша біз жоғарыда айтып өткеніміздей әсіресе Исламтану бірлескен ББ бойынша шешім табылуы керек болған мәселелерді нақтылағаннан кейін ББ паспортын дайындап, тізілімдемеге ұсынамыз деп шештік. Ал Теология магистратура ББ жаңартылды және ББ тізілімдемесіне ұсынып жатырмыз.

Шешім: жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспорты толық әзірленсін және ББ тізілімдемесіне ұсынылсын.

3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу

Бакалавр деңгейіндегі жаңартылған және жаңа әзірленген ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу мәселесі бойынша Дінтану ББ бойынша 7M02212-Түркітану, 7M02211-Дінтану және 7M02262-Теология ББ эксперттерге ұсынылып, олардың ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленіп, ББ қайта реттелді.

Шешім: ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленсін.

4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрағасы Д.Шауенов: қаңтар айында бакалавр деңгейіндегі БББ Түркиядағы жетекші университеттердегі дінтану-теология және бірлескен Теология ББ бойынша 8-семестрдегі пәндер талданды. Бұл бойынша тренинг ұйымдастырылып, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобаланды, 7M02212-Түркітану ББ паспорты дайындалды, Тарих БББ бойынша ішкі және сыртқы сараптаудан қайта өткізу жұмыстары жүріп жатыр.

Шешім: Қаңтар айында атқарылған жұмыстардың нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы:




Д.Шауенов

М.Төлеген